

**СРАИЛОВА АКМАРАЛ БЕРДАЛИЕВНАНЫҢ**  
**«Поэтикалық дискурстағы просодикалық ерекшеліктерінің**  
**коммуникативті-прагматикалық аспектісі (қазіргі заманғы ағылшын**  
**және қазақ поэзиясының материалдары негізінде)» атты тақырыпқа**  
**жазылған, 6D021000 - шетел филологиясы мамандығы бойынша**  
**философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған**  
**диссертациясына ғылыми жетекшісінің**  
**П І К І Р І**

Акмарал Сраилованың жұмысы ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерін анықтап, оны безендіретін просодикалық тәсілдерді коммуникативті-прагматикалық аспектіде экспериментті-фонетика әдістері арқылы зерттеуге арналған.

Салғастырмалы-типологиялық бағыттағы зерттеулер бүгінгі күні заман талабына қарай жаңаша өзектілік алып, әсіресе ағылшын және қазақ тілі материалдары бойынша аса күрделі семантикалық-құрылымдық жүйе ретінде өзіндік ерекшеліктерімен, заңдылықтарымен сипатталатын поэтикалық дискурстың коммуникативті-прагматикалық аспектіде зерттеудің қажеттілігі артып отыр. Себебі поэтикалық дискурс арқылы халықтың философиялық-дүниетанымы, мінездемесі, этноұлттық ерекшеліктері айқындалады.

Аталған ғылыми зерттеу лингвистикадағы жаңа бетбұрыс – функциональды-семантикалық және коммуникативті-прагматикалық бағыттар тұрғысынан алынған. Бұл жұмыс ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың салғастырмалы прагматикалық қолданысындағы ұқсастықтар мен әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерін анықтауға көзделген. Ұсынылған жұмыстың тақырыбы әрі қажет, әрі өзекті екендігі дау туғызбайды, себебі қазіргі компаративтік лингвистикада ауызша сөздің просодикалық ерекшеліктеріне арналған зерттеулер жоқтың қасы. Тіл білімінің коммуникативті-прагматикалық бағыттары суперсегментті фонетиканың аясын кеңейтіп және тереңдетіп, просодиканың жаңа қырлары мен қасиеттерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл жұмыста алғаш рет поэтикалық дискурстың просодикалық сипаты коммуникативті-прагматикалық тұрғысынан анықталған. Поэтикалық дискурстың бірліктері (синтагмалары, бунақтары), анықталып, олардың қарым-қатынастары, поэтикалық дискурстағы қызметі қазақ және ағылшын тілдерінде салыстырмалы - салғастырмалы эксперименттік – фонетикалық талдау негізінде сипатталған. Сөз ағымындағы (поэтикалық дискурстағы) просодикалық тәсілдердің қызметі, экспериментті фонетикалық (аудиторлық және инструментальды) әдістер арқылы дәйекті түрде анықталды.

Диссертацияда аудиторлық және инструментті талдаудың нәтижесінде ағылшын және қазақ поэтикалық дискурстың семантика-просодикалық мүшеленуіне қатысатын фонетикалық сөздердің семиологиялық релевантты көрсеткіштері сипатталып берілген.



Ағылшын және поэтикалық дискурстардың мазмұндық-интонациялық мүшелеуінде кідірістің және басқа да просодикалық тәсілдердің (әуен, қарқын, үдемелік, тональды диапазон) мәні зор екені және поэтикалық дискурс бірліктері болып табылатын синтагма, ырғақты, топ, бунактардың сегменттелуінде үлкен рөл атқаратыны, олардың иерархиялық қарым-қатынасы экспериментті-фонетикалық әдістер арқылы дәлелденген. Жан-жақты және кешенді зерттеудің нәтижесінде аудиторлық және компьютерлік бағдарлама әдістер арқылы тексерілген поэтикалық дискурстың фонетика-фонологиялық және просодикалық транскрипциясы, сөйлеу сигналының негізгі тон жиілігі, қарқыны, үдемелігі, әуеннің сызбалары көрнекі түрде ұсынылды.

Фонетика-фонологиялық және просодикалық талдау нәтижелері негізінде зерттелген материалдарда дыбыстық қайталанулар (ассонанс және аллитерация) арқылы мәтіннің үйлесімділігі мен әуезділігі айқындалды. Диссертация автордың пікірінше, қазақ тіліндегі үндестік заңының сақталуы өлеңдердің табиғи дыбысталуын қамтамасыз етсе, ағылшын өлеңдерінде дыбыстардың қайталануы ритм мен ырғақты ерекше қалыптастырады. Бұл тәсілдер поэтикалық дискурстың оқырманға эмоционалдық әсерін күшейтуге қызмет етеді.

Ғылыми жұмыстың нәтижесінде автордың тұжырымдалған теориялық ойтолғаулар мен ұсыныстар интонология, функциональды грамматика, прагматлингвистика, қарым-қатынас теориясы салаларына үлес қосады және теориялық, практикалық мәселелерді шешуге септігін тигізеді деп сенеміз.

Сонымен, Сраилова Акмарал Бердалиевнаның «Поэтикалық дискурстағы просодикалық ерекшеліктерінің коммуникативті-прагматикалық аспектісі (қазіргі заманғы ағылшын және қазақ поэзиясының материалдары негізінде)» атты диссертациялық жұмысы өзіне қатысты мәселелерді түгел қамтыған, және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияларға қойылған талаптарға сәйкес жазылған, ал оның ізденушісіне философия докторы (PhD) деген дәреже беруге болады деп есептейміз.

Ғылыми жетекшісі:  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор, ҚР ҰҒА академигі



|                                                                                                                        |          |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
| З.М.Базарбаева                                                                                                         |          |
| (аты-жөні)                                                                                                             |          |
| қолым қуыландырамын                                                                                                    |          |
| «А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі |          |
| «    »                                                                                                                 | 20    ж. |